

Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық жұмысын ұйымдастыру

мамыр айы, 2025 ж

АНЫҚТАМА

Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық оқушылардың білімін, дағдысын, құндылық бағдарын, оқу-танымдық әрекеттерін үздіксіз әрі жүйелі дамыту үшін бастауыш сыныптар мен негізгі мектеп деңгейлері арасындағы оқу-тәрбие процесіндегі өзара байланыс пен үйлесімділікті қамтамасыз ету жұмыстарының жүйесі.

Негізгі мақсаты:

- бастауышта қалыптасқан білім, білік, дағдыларды орта буында тереңдетіп, жалғастыру;
- оқу процесінің мазмұндық және әдістемелік үйлесімділігін сақтау;
- оқушы бейімделу кезеңін жеңілдету.

Ұйымдастыру бағыттары:

- пәндік мазмұнның сабақтастығын қамтамасыз ету;
- оқыту әдістері мен бағалау тәсілдерінің үйлесімділігін сақтау;
- педагогтар арасындағы тығыз кәсіби байланыс орнату (ұжымдық жоспарлау, бірлескен отырыстар);
- ата-анамен бірлесе жұмыс жүргізу;
- психологиялық бейімдеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Мақсаты:

Оқушылардың бастауышта алған білімін орта буында тиімді жалғастырып, білім беру сапасын арттыру және бейімделу үдерісін жеңілдету.

Атқарылған жұмыстар:

1. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің өзара байланысы:
 - Бастауыш және орта буын мұғалімдері арасында әдістемелік кеңестер өткізілді;
 - Оқу бағдарламаларындағы сабақтастық талданды.
2. Оқу-тәрбие жұмыстарының жалғастығы:
 - Орта буын мұғалімдері 4-сынып оқушыларының білім деңгейін зерделеді;
 - Ортақ тәрбие жұмыстары мен іс-шаралар ұйымдастырылды.
3. Психологиялық қолдау:
 - Оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі үшін тренингтер ұйымдастырылды;
 - Психолог тарапынан диагностика жұмыстары жүргізілді.

4. Құжаттық жұмыс:

- Оқу үрдісіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету бойынша жоспар жасалды;
- Ата-аналар жиналысында сабақтастық туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды:

Сабақтастық жұмыстары оқушының бейімделуін жеңілдетіп, білім алудағы олқылықтардың алдын алуға көмектесті. Бастауыш пен орта буын арасындағы байланысты нығайту оқу процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Берілген орны: _№7ЖОББМ_____

Күні: «_» мамыр____ 2025_ ж.

Дайындаған: Жәнімхан.Н_____

Лауазымы: __ДБСБОІМ_____

Қолы: _____